

**«әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректорының
2021 жылғы «21» желтоқсандағы
№575 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ
(Ректордың 2022 жылғы «22»
қарашадағы №591 бұйрығымен
өзгерістер енгізілді)**

**«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі дипломдық
жұмыстардың/жобалардың жетекшілеріне қойылатын біліктілік
талаптары туралы»
РЕГЛАМЕНТІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі дипломдық жұмыстардың/жобалардың жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы» Регламент (бұдан әрі - Регламент) жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарына, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі - университет) ішкі ережелері мен құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Дипломдық жұмыс - бұл білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін өзекті мәселені студенттің өз бетінше зерттеу нәтижелерін жалпылау болып табылатын бітіру жұмысы;

дипломдық жоба-жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің дербес шешімі болып табылатын студенттің бітіру жұмысы.

1.3. Дипломдық жұмысты (жобаны) студент дипломдық жұмыс (жоба) басшысының басшылығымен дербес орындайды.

1.4. Дипломдық жұмыстарды немесе Жобаларды басқару педагогикалық жүктемеге кіреді және белгіленген стандарттарға сәйкес төленеді.

**2. Дипломдық жұмыстар/жобалар жетекшілеріне қойылатын
талаптар, басшыларды тағайындау және ауыстыру тәртібі**

2.1. Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) жұмыс өтілі кемінде 5 жыл Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейіне және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін мамандар жүзеге асырады.

2.2. Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық жасауды «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы», немесе «философия докторы (PhD)», немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі бар немесе жоғары кәсіптік білімі және мамандығы бойынша практикалық тәжірибесі немесе басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар жүзеге асырады.

2.3. Дипломдық жұмыстардың/жобалардың жетекшілері университет ректорының бұйрығымен факультеттердің ғылыми кеңестерінің өтініші бойынша соңғы оқу курсының алғашқы екі айы ішінде бекітіледі.

2.4. Жетекшіні ауыстыру бітіртуші кафедраның ұсынысы бойынша және ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың келісімі бойынша факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде тиісті бұйрықпен ресімделеді.

3. Дипломдық жұмыс/жоба жетекшісінің міндеттері

3.1. Дипломдық жұмыстың/жобаның жетекшісі:

- студентке дипломдық жұмыс/жоба тақырыбын таңдауда, оны орындау жоспарын әзірлеуде көмек көрсетеді. Бұл ретте дипломдық жұмыстың/жобаның тақырыбы Қазақстан Республикасының ғылымы мен техникасын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келуі тиіс (дипломдық жұмыстың/жобаның тақырыбы пәнаралық бағыттылыққа ие болуы мүмкін)

- дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін тапсырма береді.;

- студентке дипломдық жұмысты (жобаны) орындаудың барлық кезеңіне жұмыстың күнтізбелік кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді.;

- студенттің дипломдық жұмысын (жобаны) орындаудың күнтізбелік кестесінің сақталуын, ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын консультациялар кестесін белгілейді;

- студентке қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және тақырып бойынша басқа да дереккөздерді ұсынады;

- зерттеу жүргізу әдістемесін таңдауда көмек көрсетеді.;

- әзірленген жоспарға сәйкес дипломдық жұмыстың орындалуын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады.;

- дипломдық жұмыстың орындалу сапасын оған қойылатын талаптарға сәйкес бағалайды (ғылыми жетекшінің пікірі);

- оқу жылы барысында білім алушылардың дипломдық жұмысты/жобаны орындау мерзімдерінің сақталуын бақылайды.